

1 2009

18442к

ӘНЕС САРАЙ

АСЫЛДЫН  
СЫНЫҒЫ



А 2009/18442 к.з.3 (5Каз) +  
ӘНЕС САРАЙ

# АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ

(зерттеулер)



АЛМАТЫ «РАУАН» 1996

82-572-122-081

ББК 83. 3 Каз.  
С 22

ӘНЕС САРАЙ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ  
ҒАЛМАРШЫЛЫҚ АРХИВІ  
№ 00218394

**Сарай Ә.**

С 22 Асылдың сынығы: (Зерттеулер).— Алматы:  
Рауан, 1996.— 256 бет.

ISBN 5-625-02853-2

Көрнекті қалам қайраткері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы Әнес Сарай көп жылдардан бері төл тарихымыздың мәселелерімен шұғылданып жүр. Оның біраз мақалалары мерзімдік баспасөз беттерінде жарияланып, оқырмандар назарын аударды.

Қолдарыңыздағы кітапқа енген зерттеулер ежелгі тарихымыздың ұмыт қалған беттерің ашуға жәрдемдеседі. Сондықтан оны оқушылар мен мұғалімдер, студенттер мен басқа да зерделі оқырман қызығып оқиды деп ойлаймыз.

С 4306020000—033 210—96  
404(05)—96

ISBN 5-625-02853-2

4306034  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ  
ҒАЛМАРШЫЛЫҚ АРХИВІ

ББК 83. 3 Каз.

© Сарай Ә., 1996

Қазақ халқының ежелгі тарихы, дамыған өркениеті оқу-сызуы болмаған дегендер негізсіз сөз. Ата-бабаларымыз жазу-сызуды есте жоқ ескі заманда-ақ білген, оның сыр-қырын көршілес көптеген жұрттардан бұрын меңгерген. Халқымыздың үшкіл жазуы да, тарихы да, өркендеген сәулет өнері де, шарықтаған әдебиеті мен мәдениеті болған. Оның басым көпшілігі бергі дәуірлердегі ат сабылтқан алақұйын аласапыранда ат тұяғына тапталып, дүниенің басын аяғына келтірген жаугершілік заманның шаңына жұтылып, құм астында көміліп қалған.

Жүрегі елім, халқым деп соғатын жас буын, жаңа ұрпақтың міндеті — жоғалтқанымызды сарыла іздеп, шашылғанымызды тірнектеп жиып, ұмытып, көз жазып қалған өткен-кеткенімізді тірілтіп, қалпына келтіру. Өйткені, кешегісіз — бүгін жоқ, бүгінсіз ертең жоқ. Жоғары самғап, шарықтап ұшу үшін халықтың табанына орнықты тұғыр керек.

Халқымыздың тарихына жанашыр бір ұлы ретінде менің де ұзақ жылдар жиып-тергенім бар еді. Олардың біразы мерзімдік баспа-сөзде жарияланды. Енді соның басын құрастырып, бір мұқабаның астына жинақтаудың сәті де түсті. Оған «Асылдың сынығы» деп ат қоюды жөн көрдім. Себебі, менің жазғандарым — ұланғайыр, ұшан-теңіз көмескі тарихымыздың, ата-бабаларымыздан қалған ең қасиетті асыл мұрамыздың сынып түскен жарықшақтары ғана.

Ғалымдарымыздың, әсіресе тарихшы-археологтарымыздың далалық барлау, не қазба жұмыстарын жүргізгенде, көне жұрттың орнынан сынған-шашылғанның бәрін жинап, жалықпай-талмай, ептілікпен қиюластырып, ата-бабаларымыз тұтынған бір дүниеліктің сұлбасын құрастыратыны бар. Біздің ұлттық тарихымыздың жағдайы да осыған өте ұқсас. «Асылдың сынығы» төрт құбыламызды түгендеп жатқан ортақ ісімізде бір жердің ине жасуындай жыртығына жамау болса, мақсаттың орындалғаны.

АВТОР.

## АДАМ АТАНЫҢ ҰЛАҒАТТЫ ӨМІРІ

### I

Әу баста бәрі қым-қуыт қойыртпақ еді, әлем осы қойыртпақтан пайда болды. Құдірет иесі Құдай әуелі Көк пен Жерді жаратты. Жер үсті тігерге тұяқ, көз сүрінер қара жоқ, тып-типыл, жым-жылас, мәңгі қараңғылық құшағындағы, пошым-қалыпқа келмеген, олпиған-солпиған бірдеме еді. Қайда көз қыдыртпа — толқыны есілген шет-қиырсыз ұланғайыр мұхит. Құдай: «Жарық болсын!» деді — жарық болды, жарықты — күн, қараңғыны түн деп атады. Келесі күні ұланғайыр жосылған мұхиттың үстіне көк күмбезін көтеріп, суды — жердің суы, бұлттың суы (яки жауын) деп екіге айырды. Үшінші күні жалпағынан жалпайған айдынды аспанның астына бір жерге жиды, қара жердің сауыры сонда ғана қылаң берді. Суды — теңіз, мұхит деп, жерді құрлық деп атады. Төртінші күні Ай мен Күн, жұлдыздарды дүниеге келтірді. Бесінші күні балық және басқадай су мақұлықтары мен құстар жаратылды. Алтыншы күні жер бетінде аяғымен жүріп, бауырымен жорғалайтын жануарлар, мақұлықтар мен бақа-шаян, құрт-құмырсқа пайда болды. Сол алтыншы күннің ақыр соңында Адам Атаны жаратты. Жетінші күні жаратушы тынығып демалған, сол күн жексенбі атаныпты-мыс.

Бұл үзінді иуданың «Таурат» кітабынан қысқаша мазмұндалып аударылғанын аңғарған шығарсыздар. Иуда дінін тұтынушылар мен христиан әлемі үшін жер дүниенің жаралуы туралы ақи-тақи шындық осы, бұдан өзге ақиқат жоқ. Ал бірақ байқап отырсақ, әлемнің жаралуы туралы аңыз-әфсана барлық халықтарда бар екен. Олардың жоғарыдағы таураттық әңгімеге жанасатыны да, мүлде жанаспай, өзгеше әліптелетіні де жеткілікті. Бұл орайда әргі бабаларымыз бағзы түркі, сак, ғұндардың да өз түсініктері болған. Алайда еуроцентристік бағыттағы батыс теологиясы оларды діни биіктікке көтерілмеген фольклорлық пайымдау деп, санатқа алмауға тырысады. Бірақ олар орта ғасырда-ақ діни философиялық негіз қаланған мұсылман қаламын (теологиясын) мойындамасқа лажсыз, әрі онымен санаспай тұра да алмайды.

Құран Кәрімде жер-дүниенің жаралуы туралы былай делінген: *«Сеніңіздер, сіздердің Тәңірлеріңіз — шын Тәңір; ол алты күннің ішінде көкті, жерді жаратты. Одан соң ғарышқа (таққа) отырып, әмір жүргізді. Өзінің бұй-*

рығына бой ұсындырып, күн, ай, жұлдыздарды жаратты. Жарату, әмір ету — тек Аллаға тән»<sup>1</sup>. Алланың жер-дүниені алты күнде жаратқаны «Жүніс», «Сәжде», «Қаф», «Хадид», «Рағым», «Фесулат», «Рақыман» және басқа да сүрелерде егжей-тегжей айтылған. Тұжырымдап баяндағанда бұл сүрелердегі әңгімелер мынаған саяды: әуелде біртұтас болған жер мен көкті екіге бөліп, жеке-жеке қалыптауға Алла екі күнін сарп қылған. Көкті жеті қат қып жаратқан: жетінші қаттың ең жоғарғы ғарышында Алланың тақыты, ал төменгісінде адамзат өміріне әсерін тигізіп, ықпал ететін күн, ай, жұлдыздар, яки Алланың ықтиярындағы жарықтар. Ал кейінгі төрт күнде жер үстіндегі тау-тас, өзен-көл, орман-тоғай, жұп-жұптан аңқұс жануар, мақұлықтардың неше түрлерін — он сегіз мың ғаламды жаратты. Жалқыдан гөрі жалпыға, таратып айтудан гөрі түйіндеп айтуға бейім, аз сөзге көп мағына сыйдырып, нақылдап, мысалдап, тұспалдап сөйлеуге әуес Құран жер-дүниенің жаралуын осылай қысқа қайырып, кең тұжырған.

Аталмыш тақырыпта Таурат пен Құранның арасында алшақтықтан гөрі бірізді үйлесім басым болғанмен, бір мәселенің басын аша кеткенді, жөн көрдік. Тауратта әлемді жарату машақатынан қажыған Құдай жетінші күні мазан тірліктен қол үзіп, жатып тыныққан делінген. Бұл діни үрдісті тұтынушы иудалар мен христиандар сол күнді демалысқа айналдырғандары белгілі. Ал Құран Кәрімнің «Қаф» сүресінде былай делінген: «Көк, жерді және олардың арасындағы (барлығын) біз алты күнде жаратқанымыз анық. Оған біз ешқандай шаршап-шалдыққан жоқпыз»<sup>2</sup>. Мұнда жетінші күн ауызға да алынбайды. Мәселенің түп төркіні демалу-демалмауда емес, Құдайдың болмысына қатыстылығында. Ислам үрдісінше, ұлық Алла адамға тән пенде мінездерден аулақ, оның шаршап-шалдығуы мүмкін емес. Осы мәселе кейін Жаратушының болмысы туралы таластарға мұрындық болды да, Мұхаммед ғалейһи с-саламның Алла туралы төте қағидасы теософиялық тұжырым тұрғысынан тереңдігін танытты.

Енді Адам Атаның жаралуы туралы бірлі-жарлы әңгімеге тоқтала кеткеннің артықтығы жоқ. Тауратта адамзаттың түпкі бабасының неден жаралғанын таратып айтпай, «топырақтан жаралғансың, топыраққа қайта айна-

<sup>1</sup> Құран Кәрім... Алматы, 1991. 50 : 37—38.

<sup>2</sup> Құрбан Кәрім,... 7 : 54.

ларсың»<sup>1</sup> деп қысқа ғана қайырады. Ал Құранда бұл тақырып әр тұста шашырай айтылғанмен, әжептәуір кейтіле баяндалған. Мұнда да Адам Атаның топырақтан жаралуымен қатар, «*Сыңғырлап тұрған кепкен балшықтан тиісті мүсінге келтіріп, адамды Біз топырақтан жараттық*»<sup>2</sup>, «*Адамды Ол ұйыған қаннан жаратты*»<sup>3</sup>, «*Біз сендерді әуелі (Адам Атаны) топырақтан жараттық. Оның нәсілін (рухтан) жыныстық тамшыдан, кесек еттен (құран) жараттық. Біз мұны тектеріңді білу үшін айтып отырмыз*»<sup>4</sup>, — дейді. Қайсыбір зерттеушілер бұдан Құран сөзінің ала-құлалығын тапқан болады. Ал шындығында бұл Адам Атаның жаралуына ғана қатысты емес, оның ұрпақ, нәсілінің туып өнуіне де бірдей қатысты әңгіме. Тауратта Құдай әмірі Адам Атаны жаратумен шектелсе, Құранда Алла әмірі адамзат ұрпағының бір-бірінен өрбіп дүниеге келуін түгел қамтиды.

Сондай-ақ Тауратта «*Құдай адамды өзіне ұқсас қып жаратты*»<sup>5</sup> делінген. Уақыт жағынан дүниеге кейін келген Інжілде Иса (Ийсус) пайғамбардың адам кейпіндегі Құдаймен жүздесуі осы тұжырымнан бастау алған. Еуропада Құдайды адамға ұқсатып суретін салу — бәрі-бәрі осыдан. Ал Құранда «*Адамды Біз, сөз жоқ, әдемі мүсінде жараттық*»<sup>6</sup> деумен ғана шектелген. Бұл мәселе де дін әлемінде тоқтаусыз талас тудырумен келеді. Алайда, «Ықылас» сүресінде «*Сен айт: Алла — мәңгілік. Ол тумаған да туылмаған. Оған ешбір теңдес жоқ*»<sup>7</sup> деген аят Таураттық, Інжілдік тұжырымдарға қарама-қарсы, яки Алла Адам Атаға не Адам Ата Аллаға ұқсас болуы мүмкін емес. Құранда Мұхаммед ғалейһи с-саламның Алламен жүздескені туралы дерек жоқ, ол күдіреті күшті Жаратқаннан Жәбірейіл періште арқылы ғана аян алып тұрған. Тек кейінгі пайғамбардың түнде өңмен түстей бір сәтте Пырақпен ғарышқа ұшқаны туралы әңгімеде Мұхаммед ғ. с. Алланың алдын көргенмен, жүзін көре алмаған. Он екі мың шымылдықтың сыртынан ғана тіл қатысып қайтқан.

Кейінгі кезеңдерде израильдік раввиндік діни әдебиеттерде былай пайымдайды: Құдай алғашқыда артық пішіп, Адам Атаны шектен тыс тым зор ғып жаратыпты-

<sup>1</sup> Таурат. 3 : 19.

<sup>2</sup> Құран Кәрім. «Ғижір» сүресі. 15 : 26.

<sup>3</sup> Құран Кәрім. «Алақ» сүресі. 96 : 12.

<sup>4</sup> Құран Кәрім. «Хаж» сүресі. 22 : 5.

<sup>5</sup> Таурат. 1 : 27.

<sup>6</sup> Құран Кәрім. «Тин» сүресі. 95 : 4.

<sup>7</sup> Құран Кәрім. «Ықылас» сүресі. 112 : 1—4.

мыс, кеудесіне жан салып, орнынан тұрғызғанда аяғымен жер, төбесімен көк тіреп тұтыпты-мыс. Періштелер оның алыптығынан шошып, Адам Атаның бойын ықшамдауды өтінген. Құдай оны шақтап қайтадан жасапты-мыс.

## II

Адам Ата ұжымақта жаралып, ұжымақта ғұмыр кешті, аспаннан түсті делінетін киелі кітаптардың қай-қайсысы да ұжымақтың жан рахат ғажабын тамылжыта жазған. Еврейдің Тауратқа біріктірілген «Көне өсиеті» ұжымақты «Әдем» деп атаған да, оны алысқа апармай, өздері жақсы білетін бағзы терістік Мессопотамия, яки қазіргі Сирияның бақ қонып, қыдыр дарыған бір өңіріне орналастырған. Соған қарағанда, байырғы Сирия бұл жалған фәниде талайлардың қолы жетпеген арманды өлке болғанға ұқсайды. «Көне өсиеттің» әліптеуінше, айнала төңірегі қоршалған-қоршалмағаны белгісіз, бірақ та кіріп-шығатын қақпасы бар, көлемі шектеулі шағын ғана бақ. Онда жаз, қыс деген болмайды, жаурап тонбайсын, ыстықтап күймейсін. Не ішем, не кием жоқ, мәуесі майысқан қалың ағаш, қолыңды созсаң, жемісі аузыңа кеп өзі топ еткендей. Ал ол жемістердей нәрлі, дәмді, жанға шипа, дертке дауа қорек жоқ, болған емес, болмайды да. Аузыңа бір үзіп салсаң, ұзақты күнге әрі тағам, әрі сусын — қанағаты сондай.

Жәннат бағында адамға қорек болатын жеміс ағаштарымен қатар өмірлік мәні зор кие ағаштары да жеткілікті. «Өмір ағашы», «Әлемдік дінгек ағашы», «Қайырымдылық ағашы», «Қуаныш ағашы», «Мерей ағашы», «Билік ағашы» т. т. «Көне өсиет» бізге солардың екеуін ғана атайды: б. д. д. VI—IV ғасырлардағы яхудалардың (еврейлердің) ой деңгейінің шамасы сол болған сияқты. Олар — «Өмір ағашы» мен «Ізгілік пен зұлымдықты тану» ағаштары.

Жәннат бағының ортасынан суы мол, арнасы мөлдір өзен ағып жатқан. Ол ұжымақтың сыртына шығып, әлемнің басты-басты төрт өзенімен — *Фисон*, *Гихон* (Ганга), *Хиддекель* (Тигр), *Еврат* өзендерімен жалғасқан.

Жәннат бағында неше алуан сайрауық құстар, бұлбұлдар болған. Кейін жер үстінен жан-жануарлар да көшіріліп әкелінген. Аң-құс адамнан үрікпеген, тырнақтылар, тістілер тұяқтылармен араласып бірге жүрген. Қысқасы, дала ойшылы Асанқайғының «қасқыр қойға тимеген, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман»

деп армандаған Жерұйығы — ұжымаққа ұқсас дүние екен.

«Көне өсиетті» қайта жазып, қырнап-жөндеушілер ашып айтпағанмен, жәнатта құдайға құлшылық ететін «Құдай үйі» болған сияқты. Оның болмауы да мүмкін емес.

«Көне өсиеттегі» ұжымақтың көрінісі, міне, осындай, яки жанға жайлы ғажап бақ ретінде әліптелген. Біздің дәуіріміздің IV ғасырында сириялық Ефем Сирия (атына, шығармаларының мазмұнына қарағанда христиан болса керек) өз өлең-жырларында Таураттағы ұжымақты жырлап қана қоймай, ондағы деректерді тарихи тұрғыдан нақтылай, тереңдете түсуге талпынғаны бар. Оның өлең сөзбен баян етуінше: ұжымақтың суында тәтті дәм болған, ол өзен суларына кеп қосылғанда оның тұзын азайтып, ашқылтым дәмін жойып отырған. Ал ұжымақтың желі жанға жайлы, дертке шипа екен. Оның жанында өзге ауаң, желпіген самалың — ауру жұқтырып, індет тарататын улы жел ме деп қалғандайсың. Ұжымақ желі араб, парсы шайырларымен қатар, қазақтың байырғы ақын-жыруларына да шабыт берген — біздің ескі жырларымызда «пейіштен ескен самалдай» деген өлең жолдары жиі ұшырасады. Оны мұсылманша «рәуіш желі», қазақта «рәш желі» деп атаған.

Ал «Жаңа өсиет» авторларының дені ұжымақты шаһар деп, шаһар болғанда да басқа емес, «аспандағы Иерусалим» деп айтып, жазып түсіндірді. Тіпті, жобасына дейін қағазға сызып берген сұңғылалар бар. Ол әр қабырғасы 12000 стадии (2220 шақырым) тік төрт бұрыш қамал екен-міс. Алайда «Жаңа өсиет» авторлары Таураттағы «Әдемге» — жаннат бағына елең етердей үлкен жаңалық алып-қосып жарытпады. Бар айтқандары — мұнда шіркеу жоқ, себебі шаһардың өзі шіркеу. Соңсоңғы жаңалықтары — ұжымақтың өзені Құдайдың тақтының астынан бастау алады екен, ол өзен «Өмір өзені» деп аталады екен, «Өмір ағашы» осы өзеннің екі жағалауын көмкеріп тұрады екен. Бұл «екендер» жаңалық боп табылмады. Сондай-ақ ұжымақ шаһарды таза алтыннан, таза күмістен, асыл қымбат тастардан салынған деп әсіре дәріптеушілік те етек алды. Бірақ ол пайымдаулар дін әлемінде мақұлдана қоймайды. Өйткені, дін үшін қымбат нәрсе — алтын, күміс, байлық емес, әлемнің үйлесімі, адам жанының имандылығы, адам қарымқатынастарының әсемдігі ғой.

Ал мұсылман дініндегі ұжымақ бұдан басқашалау —

Мұхаммед ғ. с. Пырақпен аспанға ұшқанда жеті қат ұжымақты егжей-тегжей әдемілеп суреттеген емес пе еді?

Мұхаммед ғ. с. мен жол бастаушы Жәбірейіл періште аспаннан түсірілген баспалдақпен жоғары көтеріліп, аспан әлемінің бірінші қабатының қақпасын қағады. Соған қарағанда, мұсылман ұжымағы — жан-жағы берік қоршаулы, кіріп-шығатын есігі бар бір дүние. Қақпаны Адам Ата мошқап сұрап барып ашады. Ұжымақтың аспаны таза күмістен екен. Жұлдыздар алтын шынжырлармен көк күмбезіне ілінген. Әр жұлдызда бір-бір күзетші періште. Олар қасиетті мекен-жайға албасты еніп кетпесін деп, өте сақ тұр. Адам Ата Мұхаммед ғ. с-ді құшақтап, өз ұрпағынан шыққан ұлылардың ұлысы екенін айтып, зор ризашылық білдіреді.

Ұжымақтың бірінші қабаты қаптап жүрген неше түрлі жануар. Жәбірейіл бұлардың періштелер екенін, жердегі сан алуан жан иелері үшін Алладан жалбарынып, кешірім сұрап жатқандары деп түсіндіреді. Солардың арасынан айдарымен екінші қабаттың аспанын тіреп тұрған айлапат зор әтешті кездестіреді. Оның таң азанда шақырған үні Алла тағаланың құлағына жағады екен. Христиан теологтары бұл әтешті мұсылмандар еврейдің «Вавилон Талмудынан» алған деп шуласады. Ал мұсылман оқымыстылары Алла тағаланың құлағына жағатын үш дауыс бар: мақамдап құран оқу, күнаһардың қол жайып жалбарынғаны, азандағы әтеш дауысы деп түйеді. Осы әтеш таң азанда шырқамаған күні жердегі әтеш атаулының тілі байланып, үні өшіп, таңертеңнен құлаққа ұрғандай тылсым тыныштық орнаған күні — Қиямет Қайым келді дей беріңіз.

Ұжымақтың екінші қабатының қақпасынан да сұрап, тексеріп барып өткізді. Мұнда Мұхаммед ғ. с. Нұһ пайғамбармен жолығысты. Нұһ пайғамбар оған ұлылардың ұлыларына ғана көрсетілетін ізет көрсетті.

Үшінші қабаттың қақпасын да жөн сұрап барып ашты. Бұл қабат қарауға көз қарығатын, асты-үсті түгелдей асыл таспен көмкерілген бір ғаламат екен. Алыптығын айтып болмастай бір періште отыр. Қарамағында мұздай қаруланған жүз мың түмен қара құрым ләшкер, алдында дәу киіз кітап. Періште сол кітаптан бас көтермей, біресе жазады, біресе сызады. Бұл жаңадан дүниеге келгенді тіркеп, өлгенді өшіріп отырған Әзірейіл періште екен.

Төртінші қабаттың аспаны қоспасыз таза күмістен.

Мұхаммед ғ. с. мен Жәбірейіл көз жасы етегін жуған періштені көрді. Ол адамдардың күнәсі үшін көз жасы омырауын жуып, осылай ебіл-себіл болады да отырады екен.

Таза алтыннан қақталған бесінші қабатта Мұхаммед ғ. с. Арон пайғамбармен құшақтасып көрісті. Бұл қабат аспан, жердегі от тәңірісі Кек періштенің қолында боп шықты. Періште атаулының ішінде мұндай үрейлісі, мұндай ұсқынсызы болмас, сірәда. Жүзі жезбен қапталғандай сап-сары, беті толған сүйел ме, күс пе — кедір-бұдыр бірдеме. Көзінен найзағай ойнайды, қолында жалын атқан от — найза. Өзі жан-жағынан жалын шашып, от лаулаған тақытта отыр. Алдында отқа қақталған қыпқызыл шынжырлар. Егер ол түр болмысын өзгертпей, Құдай берген табиғи қалпында жерге түссе, тау күлге айналып, теңіз тартылып, адам ұрпағының жүрегі тоқтап қалар ма еді, қайтер еді? Оған кәпірлер мен күнаһарлардан кек алу міндеті жүктелген.

Алтыншы қабат хасала деп аталатын мөлдір тастан қаланған екен. Оның иесі жартысы қар, жартысы от періште. Бір ғажабы — от та сөнбейді, қар да ерімейді. Оның жанында кішкене періштелер: «О, Алла! От пен қарды біріктірген, Жаратқан ием, адал қызметкерлеріңді аузыңнан шыққан үкіміңмен біріктіре көр!» деп дауыстап айғайлап, қосыла ән шырқап тұр. Бұл аспан мен жерді қорғайтын періште боп шықты. Осыдан жылап тұрған Мұса (Моисей) пайғамбарды жолықтырды. Мұхаммед ғ. с. «Неге жыладың?» — деп сұрағанда: «Маған қарағанда өз үмметінді ұжымаққа көп әкелесің бе деп тұрмын», — деп жауап қатқан.

Жетінші қабатта Мұхаммед ғ. с.-ды Ибраһим пайғамбар қарсы алды. Ұжымақтың бұл жоғарғы қабатының ғажайыбын түсіндіріп айтуға тіл, суреттеп айтуға өнер жетпейді. Әр қиыры бір ертегі шексіз әлемнің күллі жарығы мен жарқылынан әсем үйлесіп, әдемі қиюласып тұрғандай еді. Жетінші қабаттың ауқым мөлшерін шамалау үшін оның бір ғана тұрғынын суреттесе де жетіп жатыр. Ол жерден де зор еді, 70 мың басы, 70 мың аузы, 70 мың тілі бар, әлгі 70 мың тіл де Алланы мадақтап өлең айтып тұрады.

Ұжымақта Седрат деп аталатын лотос ағашы бар екен. Орны Алла тағының оң қанатында. Бұтақтарының ұзындығы Күн мен Жердің арасындай. Теңіз жағалауының құмынан да көп, санасаң сан жетпейтін періштелер осы ағаштың көлеңкесінде мамыражай рахат тірлік ке-

шуде. Лотос ағашының жапырағы пілдің құлағындай. Бұтақтарда Құранның аяттарын жатқа сайраған мәңгі өлмейтін ғажайып әдемі құстар. Лотос ағашының жемісі сүттен дәмді, балдан тәтті. Егер Алланың жаратқан жан иелерін түгел жинап қоректендірсең, сол ағаштың бір жемісін тауыса алар-алмасы неғайбіл. Оның әр дәнінде ұжымақтағылардың көңілін табатын бір-бір хор қызы. Осы ағаштың тамырынан төрт өзен ағып жатады, оның екеуі ұжымақты аралап ағады да, екеуі Ніл мен Ефратқа барып құяды.

Ұжымақта Қағбадан айнымайтын «Құдай үйі» — мешіт те бар екен. Онда күніне 70 мың періште тәу етеді. Мұхаммед ғ. с. құлшылық кезіне тап болып, періштелермен бірге «Құдай үйін» жеті айналып шығады.

Жол бастаушы Жәбірейіл періште одан әрі аяқ басса қанаты күйетінін айтып, осы арада қалды. Мұхаммед ғ. с-ды бір ғажайып көтеріп алып ұшты, екі жарық, біртастай қараңғы әлемнен өтті де, Алланың тақытының алдына екі оқ жерден келіп түсті. Ол Алланың ажарын көрген жоқ, 12 мың шымалдықтың арғы жағынан нұрлы шапағын ғана аңдады. Жаратқан иемнің тік қараған назары кімді болса да өртеп, күл ғып жібереді екен.

Мұхаммед ғ. с-ның жеті қат аспанға сапары ұзақ та қызық әңгіме. Бұл туралы Құранда бұлдыр меңзеулер болмаса, анық-қанық ештеңе айтылмаған. Тарихшылардың айғақтауынша, Мұхаммед ғ. с. өлген соң, Айшаның әңгімелеуімен хатқа түскен. Одан кейін де қалам ұшың батырып, өңдеушілер аз болмаған іспетті. Мұхаммед ғ. с. бұл хикаяға қалай қарар еді, шектен асқан әсірелеулерге бармас па еді деген пікір бар. Исламды жан сала жақтаушылар артық қылам деп тыртық қылып алған сыңайлы. Дегенмен осы аңыз әңгімеде ислам дінінің басты кейіпкерлері түгел қатысқан да, олардың міндеттері анықталып, ұжымақтың тірлігі біршама толық суреттелген. Мұнда ислам дінінің басты қағидаларына меңзеулер көп. Бірақ біз тақырыбымызға қатыстысына, яки ұжымақтың көрінісіне ғана мән бердік.

Дін тарихшылары ұжымақты осылай әліптеу — атақты ғұлама Ыдырыс әмбиенің кітабынан басталып еді деседі. Ыдырыс пайғамбар Адам Атаның жетінші ұрпағы. Оның оқуын иудалар алмай, арабтардың алуы — жалғастық жібін нығайта түседі.

Адам Ата ұжымақта жаралып, ұжымақта ғұмыр кешіп жатты. Ол Аллаға құлшылық еткеннен кейін жемістен мәуесі майысқан, құт-береке жәннат бағын аралайтын. Өзі айрықша еңбекқор әрі бағбандыққа ебі бар бейім еді. Ешкім тапсырмаса да, жәннат бағын бағып-күтіп, мезгілімен ағаштарды суаруды ұмытпады.

Алла тағала ішкі ойын ауыз ашып айтпағанмен, Адам Атаны жерге әмірші қою мақсатымен жаратқан-ды. Құдіреті күшті Жаратқан оны сыртынан көз салып бақылап, сынап жүріп, жаны, жүрегі таза дегенмен, топырақтың бір илеуі кем болған ба — көңілшек, мінезі бостау боп қалыпталыпты. Оған қоса, ұмытшақтығы және бар. Ал бұл өмірде тәртіп болу үшін екі тізгін, бір шылбырды қолға мықтап ұстамаса, бәрі шілдей тозып, бетіне жайылып кететіні белгілі.

Алла бір күні періштелерін жиып алып, жерге әмірші қоймақ ойы барын мәлім етті. Олар: *«Біз сенің даңқыңды дәріптеп, қасиетіңді арттырып жүрсек, жер бетінде күнә жасап, қан төгетін бір бұзық жаратпақсыз ба?»*<sup>1</sup> деп мазаланады. Адам Атаға ілтипат білдіріп, аузына алған біреуі болмады. Керісінше, қайсыбіреулері Жаратқан ие қош көрсе, жерге әмірші болудан қашпайтын ниеттерінің ұшығын аңғартты. Алла тағаланың да тамыр басып, аужай андасқанда білгісі келгені осы болса керек. Ешкімнен ақыл сұрамай, біреудің қабағына қармай, қаласа, Адам Атаны жерге әмірші қою қолында еді, бірақ ненің болса да жөнімен үйлесім тапқанына не жетсін. Алла тағала тірі жанды бетіне қаратпайтын зор құдірет, шексіз әмір иесі бола отырып, бүгінгі тілмен айтқанда, көнбіс демократ еді. Оның болмашыға апшып тарылмайтын, алды кең мінезіне әлі талай куә боламыз. Ол жер тағдырын періштелермен келісіп шешкенді жөн көрді. Өйткені, ертенгі күні Адам Ата періштелермен істес болатын, ал олардың арасына қазірден бастап салқындық енсе, жаңа ғана басталғалы жатқан жердегі өмірдің тасы өрге домалауы неғайбіл-ді.

Адам Атаға алабөтен іш тартуы алакөздік тудырмасын деп, Алла сәл-пәл саясат ұстауға мәжбүр болды. Қолы қалт еткенде оны оңаша шақырып ап, өзі жаратқан он сегіз мың ғаламның аты мен затына қанықтырады. Адам Ата сүйсінерліктей зеректік танытты.

<sup>1</sup> Құран Кәрім... 2 : 30.

Осы дәрістерін тәмамдап болып, періштелерді қайта жиып, өзінің жаратқан ғаламдарының аттарын сұрады. «Ұлы мәртебелім, бізде өзің үйреткеннен басқа білім жоқ: Әрі ғалым, әрі дана жалғыз өзің ғана»<sup>1</sup>,— деді періштелер. Қысқасы, олар жауап бере алмай, сөзден тосылды. Алла жаңағы сауалын Адам Атаға қойып еді, ол мүдірмей сайрап берді. Бабамыздың дүние сырына қанық ғұлама екеніне періштелердің көзі жетті.

Бұл оқиға «Бақара», «Әғраф», «Һижір», «Наһыл», «Та-һа» сүрелерінде Құранның асыл қасиетіне тән қысқа да нұсқа баяндалған. Оларда мазмұн айырмашылықтары болмағанмен, сөз саптауда тіл өзгешеліктері болу себепті, не ана, не мына сүреге айрықша ілтипат білдіргендей боп көрінбеу үшін, Құран сүрелеріне ортақ әңгімені өзімізше баяндап беруді жөн көрдік.

Сонымен, Адам Атаға іш тартқан Алла: «Ендеше, Адамға бас ұрыңдар!» деп әмір етті.

Өзге періштелер Жаратқанның дегенін екі етпеді. Бас ұрмай қасарысқан жалғыз Ібіліс қана.

— Бұйрығыма құлақ аспай, бас имеуіңе не себеп?— деп сұрады Алла.

— Оны топырақтан жаратқанда, мені оттан жаратқансың. Мен одан тектімін,— деді Ібіліс.

Оның менмен, тәкаппарлығына шамданған Алла: «Бұл өркөкіректің мекен етер жері емес. Жоғалт көзінді!»— деп қаһарына мініп, оны табанда жәннат бағынан аластамақ болғанда, Ібіліс:

— Маған Қиямет Күніне дейін мәулет бер,— деп тіленді.

— Бердім тілегінді,— деді Алла.

Діни әдебиеттердің әліптеуіне қарағанда Ібіліс Алланың өзінен дәріс алған үлкен оқымысты періште екен. Оның түбіне жеткен өркөкіректік пен Жаратушының сөзін екі еткендігі. Алланың шексіз рахымын білетін ол Қиямет Қайым күніне дейін жер басып жүруге мүрсат сұрап алған соң, нәйістігі соншалық, Алла алдында тұрмын деп именбей, қарау ниетін ашып айтады.

— Мені тура жолдан аздырғаның үшін, мен сенің тура жолыңда көлденең тұрамын. Содан соң олардың алдынан, артынан, солынан, оңынан жолдарын орағытармын. Олардың дені шүкіршілік ететін жандар емесіне сонда көзің жетер.

— Мына азғынға кигізіндер лағнет қамытын. Жән-

---

<sup>1</sup> Құран Кәрім... 2 : 32.

наттан сүйреп шығарып тастандар,— деп Жаратқан қатты кетеді.

Періштелер Ібіліске лағнет қамытын кигізіп, ұжымақтан қуып шығып, жерге тастайды. Діни аңыздардың хикаялауынша, осы күннен бастап Ібіліс аш-Шайтан аталады. Жер тұрғынына айналған ол баспана дегенді білмейді. Бұзылып қираған елді мекендердің орнын, көне обаларды, иесіз зираттарды мекен етеді. Жейтін тамағы — адамдардан қалған қиқым-сиқым не садақаға айтып далаға тастағандарды, ішетін сусыны — шарап, көңіл ауанын аулап ес-түссіз қызықтайтыны — саз бен би.

Адам Ата ұжымақта жай ғана серуендеп жүрмейді, жеміс ағаштарын бағып-күтіп, бағбандық қызмет те атқарады. Құдіреті күшті оны алғашқыда бағбан етіп жаратқан еді, кейін бақташылық жұмысты да қосып беруді қолай көрді. Алла өзінің сүйікті жаратқанын сыртынан бақылап жүріп, оның сұхбаттасатын серігі болмағандықтан көңілі жүдеп жалғызсырайтынын аңғарды. Алла тағала оны ұйықтатып тастады да, қабырғасын шығарып алып, Хауа Ананы жаратты. Адам Ата Хауа Ананы нұсқап тұрып айтыпты-мыс: «Менің сүйегімнен мұның сүйегі, менің етімнен мұның еті жаралды, еркектен жаралған соң ол әйел деп аталынады. Адамзат баласы әкесінен, шешесінен жырақтап, әйеліне жіпсіз байланады. Олар бір жан, бір тән іспетті».

Келтірілген бұл үзінді Таураттық әңгіме екені түсінікті. Себебі «Адамзат баласы әкесінен, шешесінен жырақтап, әйеліне жіпсіз байланады» — араб түсінігіне жат ұғым дей тұрғанмен, мұсылмандық үрдіс әйел еркектің қабырғасынан пайда болғанын жоққа шығармайды. Құранда Хауа Ана аты кездеспейді. Ол кейінгі мұсылмандық діни әдебиеттің енгізген бидасы яки жаңалығы.

Хауа Ананы жаратқаннан кейін: *«Ей, Адам! — деді Алла. — Сен зайыбың екеуің де жанатта тұрыңдар. Оның жемістерінен қалаған жерден қанағаттанғанша жеңдер. Тек мына ағашқа жоламаңдар. Егер оған жоласаңдар күнаһар қатарына қосыласыңдар»*<sup>1</sup>.

Бұл не ағаш еді? Таурат «ізгілік пен зұлымдықты тану» ағашы дейді. Дін зерттеушілері оған «Өмір ағашы», «Мәңгілік ағашын» да қосады. Құранда ол не ағаш екені ашып айтылмайды. Тек «Тин» сүресіндегі: *«Әнжурмен, зәйтунмен,*

---

<sup>1</sup> Құран Кәрім... 2 : 35.

Сина тауымен,

Осынау қасиетті қаламен (Меккемен) ант  
етемін!

«Адамды Біз, сөз жоқ, ең әдемі мүсінде жараттық. Содан соң оны төмендердің төменіне қайтардық»<sup>1</sup> деген шағын аятқа қарағанда әңгіме әнжүр, зәйтун ағаштары туралы сияқты. Оның жемісінен есірткі ішімдіктер жасалған.

Адам Ата мен Хауа Ананың сорына шыққан бұл ағашқа мән беруіміздің сыры мынада: Тауратша Құдай Адам Атаның ізгілік пен зұлымдықты, яки танымдық қабілетке ие болуын қаламаған, Інжілше «Өмір ағашынан» татуға тыйым салуының мәні Адам Атаның мәңгі өмір сүруін қаламағандық боп табылады. Бұл екеуі де алды кең Жаратқанның іштарлық істегеніне меңзейді. Ал мұсылман үрдісінше — ол ағаштан дәм татқан жан күнаһар болып, зәлімдік істерге бейім тұрады.

Ұжымақтың миуа жемісі майысқан көлеңкелі бағы бей-жай тыныш еді. Түнге салым жанға жайлы рәуіш самалы есетін. Адам Ата, Хауа Ана да тырдай жалаңаш еді. Жалаңаштықтарынан ұялып, қымсынған емес. Себебі олар пәк еді, күнә дегенді білмейтін.

Бір күні Ібіліс жасырынып ұжымаққа енді. Ұжымақтың күзетшісі Жылан екен, неше күндер азғырып, оны дегеніне көндірді. Еркек те, ұрғашы да, аң да, құс та боп қалауынша түрлене алатын жәдігөй Ібілістің жылан боп түрін өзгертіп келгені әлде жыланның аузына енгені белгісіз, әйтеуір Жылан-Ібіліс қарау ниетін іске асыру үшін Адам Ата мен Хауа Ананың жолын торыды. Адам Атадан гөрі Хауа Ананы тұзаққа түсіру оңай көрінді. Соған қарағанда ежелгі анамыз сөзге сенгіштеу, айтаққа еліккіштеу болды ма, қайдам? Бір күні олар серуендеп келе жатқанда әнжүр, зәйтун (Тауратша — Ізгілік пен зұлымдықты тану) ағашының бұтағында ширатылып жатқан Жылан-Ібіліс Хауа Анаға қарап тіл қатып, не себепті мына ағаштардан дәм татуға тыйым салғанын сұрады. «Біз күнәһар болмасын дегені ғой» (Тауратша: «Өліп қалмасын»), — деп жауап қатады Хауа Ана. Жылан кейіпіндегі Ібіліс жымысқы жымып, жанашыр қамқоршыдай жәдігөйлене сөйледі: «Бұл ағаштың жемісін жеуден тыюы — Тәңір сендерді (періште) боп кетпесін, ұжымақта мәңгі қалып қоймасын дегеннен басқа түк те емес»<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Құран Кәрім... 95 : 1—5.

<sup>2</sup> Құран Кәрім. «Әғраф» сүресі. 7 : 27.

Сөйтіп ол әзәзіл Алла тағаланың өзі жаратқан пендесін күнәдан сақтамақ болған ниетін тонын теріс айналдырып, басқаша түсіндірді.

Адам Ата азғырушы зәлімнің сөзін немқұрайды, салғырт тыңдағанмен, табиғатынан еліккіш Хауа Ана елендеп қалды. Әнжүр, зәйтун ағаштарының сабағынан үзілгелі тұрған әдемі жемістерінен көз айыра алмай, тамсана берді. Хауа Ана хош иісті жеміске шын қызықты ма, әлде періште боп ұжымақта мәңгі өмір сүруді ойлады ма — әйтеуір пенделікке көңілі ауды. Дей тұрғанмен, жеміске қол созуға батылы бармады. Оның әрі-сәрі екі оқ арасында тұрғанын аңғарған Жылан-Ібіліс жемісті үзіп алып аузына салып, құмардан шыққандай сүйсіне талмады. Осы тұстарды көне кітаптар әр түрлі уәждейді: бірі — жемісті үзіп алып берген жылан не жылан кейпін киіп, жыланша сөйлеп тұрған Ібіліс десе, екіншісі — қол созып жемісті үзіп алған Хауа Ананың өзі дейді. Үзіп жатқанда Әзірейіл періштенің елесін көрген. Алайда көңілі шын құлап кеткендіктен, нәпсісін тыя алмаған. Тыйым салынған ағаштан өзі жегенімен тұрмай, Адам Атаға да жегізген. Адам Ата иі жұмсақ, бостау жаратылған жан еді демеп пе едік, әйелінің бұл тірлігіне наразы боп күнкілдегенмен, табанды қарсылық көрсете алмаған, сірә. Ауызекі әфсаналар Адам Ата жемісті талмап жұта бергенде, бір періште жұтқызбаймын деп тамағына жармасқан. Ер адамның кеңірдегіндегі түйіншек тұрып қалған сол жемістің дәні екен-міс деп хикаяланады.

Іле-шала ерлі-зайыпты екеуінің көзінен жанарларын көлегейлеген перде сыпырылып түскендей болған да, олар алғаш рет бір-бірінің жалаңаш тәнін көріп, ұялғаннан жапырақтармен әбүйірлерін жасырған.

Жаратушы жәннат бағына серуенге шыққанда, оның келе жатқанын аяқ тықырынан естіген Адам Ата мен Хауа Ана бұтаның тасасына бой бұғып, жасырынып қалады. «Қайдасың?» деп Адам Атаны дауыстап шақырғанда, тасада тұрып: «Ұжымақты аралап келе жатқан аяғыңның сыбдырын алыстан-ақ естідім. Бір жағынан қорқып, бір жағынан жалаңаштығымнан ұялып, жасырынып тұрмын», — деп тіл қатады Адам Ата. «Жалаңаш екенінді қайдан білдің? Мен тыйым салған ағаштан дәм татқаннан саумысың?» — деп қайыра сұрайды Алла.

Адам Ата болғанды болған күйінде баян етіп, кінәні әйеліне жапты, ал Хауа Ана болса азғырып, жолдан тайдырған жылан екенін айтып қарғанады. Болған жағдайға қаныққан Алла қаһарын тігіп, қатты ашуланады.

Адам Ата туралы діни аңыздардың ұзын-ырға желісі Тауратта, Інжілде, Құранда бір-бірін толықтырып отырмаса, көренеу қайшылықтарға бармайды. Тек қана әңгіменің тоқетер түйінін яки ұлағатын әліптеуге келгенде ғана алалық қылаң береді. Осы тұста да солай. Таурат үрдісінше Жаратушы үзілді-кесілді қатаң үкім шығарады. Жыланға «*өмір бақи бауырыңмен жорғалап, жатырыңмен жер сызып жүр, қалған-құтқан, шірігенді қорек қыл, адам баласымен бітіспес араз бол. Ол сені басыңнан ұрсын, сен оны балтырынан тісте*» деп теріс батасын береді. Хауа Анаға айтты: «*бұдан былай азаппен бала туып күйеуіңнің дегенімен жүріп, дегенімен тұратын басыбайлы құлындай бағынышты боларсың*». Ақырында ол Адам Атаға бағыштап: «*Жеріңе қу тамыр мен тікенек бітсін, бұдан былай даланың шөбін азық ретерсің. Күл-қоқыстан жаралғансың, түбінде сол күл-қоқысқа айнарларсың, өзің жаралған жерге қайтып енгенше маңдайыңнан ащы терің шүмектеп нан тауып, азық айырарсың*»<sup>1</sup> деді.

Ал Құранның уәждеуінше Адам Ата мен Хауа Ана: «*Тәңіріміз! Біз өзімізге өзіміз кесір жасадық. Егер бізге өзің кешірім етіп, рахым қылмасаңыз, онда біздің сөзсіз құрығанымыз*»<sup>2</sup> деп, жазықты екендерін мойындап, өлердегі сөздерін айтып Жаратушыға жатып жалбарынған. Періштелер де күбір-сыбыр үндерімен бұлардың жағында екендерін сездіріп, Алла тағаланың қас тіккен қаһарын жұмсартуға тырысқан. Алды кенен, шексіз мейірімді құдіретті ием күнаһарлардың шын тәубелеріне келгенін көріп, алғашқы райынан сынып, тәубелерін қабыл алған. Оны «Та-һа» сүресі растайды: «*Сонан соң Алла оны тағы да бағалап, тәубесін қабыл етті, оған кешірім жасады*»<sup>3</sup>. Алайда Адам Атаны зайыбымен ұжымақтан аластау ниетінен танбаған.

Адам Ата жар қосағына Хауа деп ат қойды. Онысы «өмір», «өмір бастауы» деген мағына еді. Жаратушы аң терісінен киімнің репетін істеп, олардың ашылған әбүйірін жапты да, ұжымақтан қуып шықты. Адам Ата мен Хауа Ана иіндері еңкейіп, пұшаймен халде бұрылып кетер бергенде, Алла ақтық кеңесін айтты: «*Алда-жалда мен сендерге бір тура бағыт жібере қалсам, кімде-кім сол тура жолмен жүрсе, ол адаспайды, Қияметте қасірет*

<sup>1</sup> Таурат. 3 : 14—19.

<sup>2</sup> Құран Кәрім. «Әғраф» сүресі. 7 : 23.

<sup>3</sup> Құран Кәрім. «Та-һа» сүресі. 20 : 22.

шекпейді. Егер кімде-кім менің насихатыма теріс қараса, онда оның өмірі таршылыққа түседі. Қияметте Біз оларды көр соқыр қалпында жинаймыз»<sup>1</sup>. Алла күнәһарларды ұжымақтан аластады да, жәннат бағының қақпасының алдына оттан өрілген алапат қылышы бар қанатты періштені күзетке қойды. Кейін бұл әңгімені таратып баяндаған дін тарихшылары жәннат бағынан аттап шығысымен-ақ Адам Атаның қайғыдан бойы шөгіп, аласара берген деп хикаялайды.

#### IV

Күн ұясына еңкейіп, батыс көкжиек қызара бөртіп, жәннат бағында қаракөленке үйірілген шақта Адам Ата мен Хауа Ана ұжымақпен қоштасып, жерге баратын алыс сапарға қол ұстасып жол шықты. Олар әлі бұла қандары тепшіп тұрған өрімдей жас еді. Жиырмаға толар-толмас шақтары. Тәжірибесіз жастықтың әсерінен бе, аңғалдықтан ба, зымиян Ібілістің азғырғанына еріп, арылмас қасіретті өз бастарына өздері тілеп алды. Енді, міне, жазаларын тарту үшін көрмеген-білмеген Жер деген бір жиырға жол түзеп барады. Алдарында не күтіп тұр: сөрме, бақ па — белгісіз. «Бәрі де өз ниетіңнен» деуші еді жоқтан бар жасаған Жаратушы ұлы ұстаз. Не де болса енді маңдайға жазғанды көреді де. Алла тағала жер үстін иемденіп, игеретін адамзат аталатын жаңа ұрпақты таратып, соларға бас болуды тапсырды бұларға, бұл екеуіне. Жаратушының дегеніне құлақ аспай, әп дегеннен ласқа батқан бұл екеуінен тараған ұрпақ қандай болар? Опалы болар ма? Әлде күні-түні қиқуы басылмай, айналасына қасірет себер ме?

Тыйым салынған зәлімдік ағашының жемісінен дәм татқалы бері Адам Ата созылмалы жіңішке дертке шалдыққандай еді. Жүрегінде түймедей қара дақ пайда болды. Жанға батып ауырмаса да, Адам Ата қолымен кеудесін басып, орны білініп сыздаған жүрегін ұстап келе жатты.

Періштелер оларды ұжымақтан жерге қарай алып ұшқанда орта жолда айырып жіберіп, екеуін екі жерге тастады. Адам Ата бұл кезде Цейлон аталатын ежелгі Аден топырағына келіп түсті. Ал Хауа Ана болса Мекке төңірегіндегі Джидда топырағына тап болып, табаны жер иіскеді. Ұжымақта жаралып, жәннат бағының молшылығында ғұмыр кешкен олардың суы тапшы, таулы-

<sup>1</sup> Құран Кәрім. «Та-һа» сүресі. 20 : 123.

тасты, тікенек өскен жүдеу жер өңі қайғыларын қоюлатпаса, ешқандай жақсы нышанмен қуанта алмады. Мынау қу дала, бедеу түзді жәйлі мекенге айналдыру оңайға түспесі, нандарын мандайдан тамшылаған ащы тергешылап жейтіндері бірден-ақ белгілі болды.

Олар жүз жылдай бір-бірін таба алмай, адасып жүрді. Хауа Ана әйел жыныстығына бағып, қорғаншақтап, алысқа ұзап шыға алмай, Мекке төңірегін шиырлап қара жол қылды. Айтқандай, қоректері дала шөбінің тамыры мен сабағы болды. Аден топырағына түскен Адам Ата айнала төңіректі шарлап, қосағын іздеуден танбады. Йемен барып, қайтып оралып, табанынан таусылса да, үмітін үзбеді. Ол Аден, Йемен, Мекке аралығын дамылсыз кезіп, сайрау жол қылды. Адам әмбие осы өңірден басқа жаққа ұзап кетпеді, өйткені оны жаратқанда періштелер топырақты Йемен мен Мекке жерінен әкеліп еді.

Біздің ең түпкі баба-әжемiз, әсіресе әжемiз, аяқ-қолы тілім-тілім болып, арып-ашып жүріп Мекке төңірегіндегі Арафат тауында алғаш жолығысқанда бір-бірін танымай қалды. Хауа Ана сол Мекке маңындағы, кейін өзі жерленген, Қазына үңгірінде, болмаса соған ұқсас үңгірлердің бірінде азға қанағат қылып, таңын атырып, күнін батырып жүргенге ұқсайды. Ол Адам Атаны танып тоқтатып, мекен жайына бастап барады.

Анамыз жүдеп-жадап, аяқ-қолы жарылып азып кеткенмен, атамыз Адам ғ. с. тап ондай бейшара халге дұшар бола қойған жоқ-ты. Себебі ол «кемеңгерліктің 32 жолымен» әлемді басқарып отырған ұлы ұстаздан аздықемді дәріс алып, біраз нәрсеге көзі қанығып қалып еді. Олардың оңаша сұхбаттасатын кездері аз болмайтын. Оны жер үстіне әмірші етуге Жаратушының өзі дайындап еді ғой. Тек көлденең кезіккен кесапат қана білімнің тұңғышына сүңгуге кедергі болды. Ол күнделікті күнкөріске тікелей қатысты еңкейіп еңбек ету, бақ күтіп, егін егіп дихан болу, мал бағу сияқты кәсіптерді игеруі өз алдына, сонымен бірге әлемнің өзара байланысы, жаратылыс заңдарына да қанық-ты. Оның үстіне Адам Атамыз он сегіз мың ғалам дүниенің ат-затын жатқа біліп, Алла тағаланың алдында кеудесіне нан піскен Ібілістей кесірді сүріндірмеп пе еді? Топырақтан жаралып, Алланың демінен кеудесіне жан біткен Адам Ата айрықша зерек болды. Ол жетпіс тіл білді деседі. Адамзаттың ғана емес, жан-жануар, аң-құстың да тілін білгенінде дау бар ма?

Адам Ата, Хауа Ананың бұдан былайғы өмірін «Көне өсиет» кітабы қысқа ғана баян етеді: «Адам өз жарқосағын танып, Хауа екеніне көзі жетті. Хауаның құрсағына бала бітіп, аяғы ауырлады да, кешікпей Қабылды жарық дүниеге келтірді».

## V

Адам Ата мен Хауа Ана Жаратушының әмірімен пешенелеріне жазылған ауыр міндетті — жер үстінде адамзат ұрпағын көбейту міндетін жүзеге асыруға кірісті. Қабыл олардың тұлабойы тұңғышы еді. Ол дәуірге бізден гөрі бір табан жақын ежелгі аңызшылар айтады: *«Қабыл анасының қанасынан шыққанда күн шапағындай нұрлы еді»* деп, ал екіншілері оның маңдайында мүйізі болғанынан хабар береді. Қалай болғанмен, тұңғыш перзент туа салып жүріп кеткен де, бір өсімдіктің сабағын ұстап, әке-шешесіне қайтып келген. Онысы қамыс екен, содан Қабыл атанған. Қабыл арабша «қабыл ал» дегенді білдіргенмен, еврейше «қамыс» деген, ал бағзы бір түсініктерде «іші тар», «қызғаншақ» деген сөз екен. Мидрашит дәуіріне жататын ерте дүниелік діни әдебиетте адамзат баласының тұңғыш перзентінің қаскөй қарау боп тууының себебін түсіндіре алмай, оны Ібілістен жаралған ұрық еді деген тұжырымға иек артты. Азғындықтың бастаушысы Ібіліс жәннат бағында жүргенде-ақ Хауамен ашыналық қарым-қатыста болды дегенді айтады. Кім не демесін, ең түпкі ұлы анамыз туралы кейінгі қаны бұзық әдепсіз ұрпақтарының әлгіндей ғайбатын хабарлағанмен, онысы дұрыс еді деп мақұлдап, күпірлік етіп, күнәһар болар жайымыз жоқ.

Құрсағы құтты Хауа Ана Қабылдан кейін кешікпей, тағы да жерік болып, айы-күні толғанда тағы да екінші ұлды дүниеге келтірді. Қабылға ұйқастырып атын Әбіл қойды. Хауа Ана Қабыл, Әбілмен қабат және бір-бір қызды босанды. Қабылмен егізінің есімі Ақлима да, Әбілмен бірге туғанының аты Лабуда. Ақлима айрықша көрікті болды да, ақыры ағалы-інілі екі жастың бір-бірінің қанын шашуына әкеп соқтырды.

Құдіретті иеміз әу баста-ақ Адам Атаны жер жыртып, егін егуге қолайлап диқан ғып жаратқан-ды. Бақташылық бабамыздың жүре келе игерген кәсібі. Оған қоса кемді күн болса да, жәннат бағында жеміс ағаштарын суарып, баптап, бағбан болған тәжірибесі және бар. Оның мәнді өмір, сәнді тұрмыс дегенде көзімен көрген өнегесі — ұжымақ еді. Өзінің жаңа қоныс мекенін сол

ұжымаққа айналдырамын деп, айналдыра алмаса, әйтеуір соған ұқсас қылам деп, ащы тері тамшылап, бел жазбай еңбек етуге кірісті. Меккенің маңында, таудан жылап аққан тұщы бұлақ төңірегінде жер жыртып, егін егіп, бақша салды. Жеміс бағы да тамыр алып, жапырақ салып, желеңдей бастады. Адам Ата тұлабойы тұңғышы Қабылды осы кәсіпке жастайынан-ақ баулып, оның қырсырына жетілген кезде біржола мирас етті. Сөйтіп, Қабыл диқан болды.

Адам Ата тамаша бақташы, барлық жан-жануарларға ат қойған өзі емес пе еді. Олардың әрқайсысының тілін де білетін. Адам Атаның лашығы жанында жануарлар қолға үйренген малдай-ақ жатырқамай жайылып жүретін. Әбіл тәй-тәй басып аяғынан тұрысымен-ақ осы жан-жануарға үйір болды да, ақыры бақташылық кәсіпке ден қойды. Ол өзі қам көңіл, мінезі биязы, момын бала еді, сол болмысына орай, қой соңынан қалмайтын қойшы болды.

Адам Ата ертелі-кеш Алласына жалбарынып, бес уақыт намазын қаза жібермей, ерте оянып, кеш жатып, бүгінгі бейнетінің ертеңгі зейнетін көңілге алданыш еткендей, маңдай тері сорғалаған еңбекпен күн кешті. Ұлдары қарақұлақтанып, арқа сүйер тірегіне айналып келе жатты. Екеуі де алалап-бөлелейтіні жоқ, айырықша тындырымды, барынша еңбекқор боп ержетті. Кешікпей-ақ бірі жерді иіткен кәнігі диқан, екіншісі бір тұяқты екі еткен тәжірибелі бақташы боп, ошақ басын молшылыққа кенелтті.

Күндердің бір күні қабырғасы қатайып, ержетіп есейген Қабыл мен Әбіл Аллаға арнап құрбан шалмақ болды. Көне тарих, ежелгі шежірешілер осылай деп баян еткенмен, таратып ештеңе айтпайды. Бұл Адам Атаның сілтеуімен ойланып істелген іс сияқты. Олардың ұжымақтан қуылып, жерге қоныстанғанына да біраз уақыт өткен. Өсіп-өніп, бір қауым ел болды. Алғашқы ұрпақ топшысы бекіп, темір қанат тастүлекке айналды. Қу да-ла, құба жон шүмектеп төккен тердің арқасында алғашқы жемісін бере бастады. Жоғарыдан оның бәрін алақанға салғандай көріп, біліп отырғанмен, Жаратушыға адамзат ұрпағының жер үстінде не тындырып, не қойғаны туралы мәлім етіп, Алла сызған жолмен айнымай жүріп жатқандарынан хабар беретін кез де келіп еді.

Қабыл Жаратушы иенің алдына жеміс-жидегін әкелсе, Әбіл ең қонды деген марка қозысын жетектеп барды. Алла тағала Әбілдің сый-құрметіне ықыласын білдірді

де, Қабылдың құрмалдығына көз қиығын да бұрып қарамады. Жаны күйіп ашынған Қабылдың беті қабарып кетті. *«Неге сонша күйіндің? Бетіңнің қаны қашып, неліктен сұрландың?— деп сұрады Құдай Қабылдан.— Ізгілікті іс істейтін болсаң, сенің құрбан садақаң қабылда-нады,— деді Құдай және де,— ал егер қараулыққа көңілің ауса, күнә сені үйіңнің босағасында ертелі-кеш күтіп тұрады, ал сен өзіңді бұйдалаған қомағай нәпсіңді жеңе алмасаң, сол күнәға белшеңнен батасың»*<sup>1</sup>.

Жаратушы алдынан Әбіл жадырап, Қабыл қара тас көтергендей, қабағы қарс жабылып қайтты. Оның қайғысының аты — іштарлық, қызғаныш еді. Құдірет иесі түсіндірмеді емес, әдейілеп дұрыстап тұрып түсіндірді, бұл өзінің көңіліне енген әзәзілдің басына ақ құя алмаса, не болатынын да ескертті, бәрі де дұрыс-ау, бірақ бір пәле ақылынан адастырып, ішін удай жалап барады.

Алла алдында ма, әлде былай шыға бере ме — ол арасы белгісіз — екеуі сен, мен десіп, қатты тілге келісіп қалды. Құранның баян етуінше: *«Мен сенің көзіңді құртпай қойман» деді (Қабыл Әбілге). «Неге?» ; деді Әбіл. «Құдай сенің құрбандығыңды қабыл етті де, менің құрбандығымды қабыл етпеді» деді Қабыл. «Сен мені өлтіруге қол жұмсасаң да, мен сені өлтіруге қол жұмсамаймын. Тегінде мен әлемнің Тәңірі — Алладан шын қорқатын жанмын»*<sup>2</sup>.

Ағайындылар осы сөзбен ажырасып, екеуі үйлеріне екі жолмен қайтты. Қабыл Меккеге бұрылмай, әке-шешесіне де жолықпай, өзінің мекен-жайына тура тартты. Бұл кезде Қабыл Қайнейне деген жерде тұрушы еді. Ол қазіргі Дамаскінің төңірегі. Тірлік заңы белгілі ғой — бақташы оты-суы мол, шөбі шүйгін кең жайылым іздейді, диқан суаруға қолайлы, құйқалы жер, құнарлы топырақ іздейді. Мекке төңірегін тау-тасын қопарып, жерін тегістеп, қи төгіп қаншама баптаса да, шығымы ойдағыдай болмай, төккен тердің есесі қайтпады. Содан ол егіндікке қолайлы жер іздеп, суы мол өзендердің аңғарына қоныс аударған еді.

Адам Ата мен Хауа Ана құрбан садақа істеген ұлдарын Алла тағала қалай қабылдағанын Әбілден естіді. Егжей-тегжей сұрап біліп, бұл хабарға не қуанарын, не ренжірін білмеді. Хауа Ана тұңғышының өздеріне жолықпай, аулақтағы ауылына тура тартқанынан көңіліне

<sup>1</sup> Таурат, 4 : 6 — 8.

<sup>2</sup> Құран Кәрім. «Маһида» сүресі. 5 : 27—29.

жайсыз күдік алды. Қабыл бірбет, мінезі де морттау еді. Адам Ата да тұңғышының көңілі қапалы, жаны жаралы екенін айтпай түсінді. Бірақ оған бола уайым ойлап мазасын қашырған жоқ. Алла не себепті Әбілдің құрбандығын қабылдап, Қабылдікін қабыл алмады деп ойға шомды. Құдіретті Жаратушының ісінде астар, мінезінде тұспал, сөзінде емеуірін көп болатын, ой толғамы жалқыдан гөрі жалпыға, нақтыдан гөрі көп мағыналыққа бейім еді. Бұл оның қай ишарасы деп басы қатты. Дін зерттеушілер: мұның сыры Қабылдың Алла алдында именбей, құрбандығын менмендікпен шалқайыңқырап таратқандығында, ал Әбіл болса, Жаратушы алдында иіліп-бүгіліп, ізеттілік көрсеткен деседі.

Қабыл да, Әбіл де балалықтан балиғат кезеңге өтіп, үй болып, отау түзейтін жасқа жетіп қалып еді. Хауа Ана құрсағы құрғамай, жыл сайын егізден — бір ұл, бір қыздан тапты да отырды. Бір жылғы төлдерге жұптасуға тыйым салынды, олар тек өзге егіздің сыңарымен ғана жар боп жараса алды.

Бір күні Хауа Ана түс көрді, түсінде жаман іс көрді: Қабыл Әбілдің қанын ішкен екен, бірақ әлгі қанды бойына сіңіре алмай, қайтадан лоқ-лоқ құсып тұр екен. Бұл не сұмдық деп шошып оянғанмен, түсінің меңзеуін дұрыс жори алмады. Себебі жан баласы ол кезде қан ішу, қан төгу дегеннің не екенін әлі білмейтін.

Адам Ата жұптасу тәртібін белгілегенмен, ол әлі жүзеге асып, дағдыға айнала қоймағандықтан ба, әлде әке үкімін екі еткен Қабылдың қыңырлығы ма — ол өзіне лайықталған Лабуданы менсінбей, сұлу Ақлимадан дәмелі болды. Ал қылтиып қыз болып қалған Ақлима өзінің пешенесіне жазылған Әбілмен ойнап-күле бастағанды. Бұл әңгіме Қабылдың құлағына жетті. Өзінен жасы кіші Әбілдің қарадан-қарап тасы өрге домалағаны қалай? Алла тағаланың алдында мерейі бір үстем болса, енді кеп сұлу Ақлиманы тағы да меншіктемек. Оның несі артық, мұның несі кем? Қанына қарайып, Қайнейнеден үкідей ұшып жеткен Қабыл інісін қой соңында жүрген жерінен тапты. Екеуі қатты-қатты сөзге келіп ұстаса кеткенде, табиғатынан жойқын күш, тегеуірінді қайрат иесі Қабыл өзінен қалжасы қораш, әлжуаз інісінің астына түсіп қалды да, жансауға сұрауға мәжбүр болды. Енді оның алдын қайта-қайта орай берген Әбілді өлтіруге біржола көңілі ауады. Бірақ қалай өлтірерін білмейді. Сонда бір қарға бір қарғаны төбесінен тас тастап өлтіргенін көреді де, сырт беріп, теріс қарап тұрған Әбілді